

«8D05108 - Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Құлымбет Қанат Қайратұлының «Биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында сирек, эндем, дәрілік түр *Adonis tianschanica* (Adolf) Lipsch. ценопопуляцияларының экология-биологиялық ерекшеліктері мен жағдайын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ІШКІР

Диссертациялық жұмыс биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында сирек, эндем, дәрілік түр *Adonis tianschanica* (Adolf) Lipsch. ценопопуляцияларының экология-биологиялық ерекшеліктері мен қазіргі жағдайын геоботаникалық, молекулалық-генетикалық әдістерімен бағалауға бағытталған.

Қазақстанның белгілі ғалымы, ботанигі В.П. Голоскоковтың мәліметтері бойынша Қазақстан флорасында сирек кездесетін таралу аймағы шектелген 760 эндемдік және 116 реликт өсімдік түрлері бар. Олардың барлығы жан-жақты зерттеуді және қорғауды қажет етеді. Бұл өсімдіктердің көпшілігі аса маңызды пайдалы қасиеттерімен сипатталады. Олардың ішінде дәрілік, дәрумендік, тағамдық, техникалық және сәндік өсімдіктер бар. Осындай сирек кездесетін эндемдік түрдің бірі – *A. tianschanica*.

Бұл түрдің популяцияларын кешенді зерттеу, оның құрылымдық ерекшеліктерін анықтау, қазіргі молекулалық-генетикалық әдістерді пайдалану арқылы генетикалық алуантүрлілік деңгейін анықтау, сақтау бойынша алынған нәтижелерді талдау осы уақытқа дейін Қазақстанда жүргізілмегендігі тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Диссертант Қанат Қайратұлы жұмысты жүргізу барысында *A. tianschanica* өсімдік түрінің ең үлкен популяцияларын тауып, оған геоботаникалық сипаттама беріп, ол популяциялардың кездесетін өсімдіктер қауымдастықтарының флоралық құрамына талдау жасаған. Сонымен қатар, *A. tianschanica* популяцияларының құрылымдық ерекшеліктерін зерттеп, популяциялардағы *A. tianschanica* өсімдігінің морфологиялық параметрлерін талдаған.

A. tianschanica популяцияларын табиғи-климаттық өзгерістері бойынша геоақпараттық технологияларды қолдана отырып баға берген.

Зерттеу мақсатын орындау үшін бес міндет қойылған. Алға қойылған міндеттер толық орындалған және солардың негізінде тисті қорытындылар жасалған.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларында баяндалған және талқыланған жұмыстың нәтижелері 8 ғылыми еңбекте басылып шыққан, оның ішінде: 1 мақала *Scopus* мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі Республикалық ғылыми журналдарда, 3 тезис халықаралық ғылыми конференцияларының материалдары жинақтарында жарияланған. Барлық алынған мәліметтер жаңа болып саналады.

Қанат Қайратұлы өзін жоғары дәрежелі маман екенін диссертациялық жұмыс жүргізу, мақала жазу, шығару және диссертациялық жұмысты рәсімдеу барысында айқындап, шеберлігін дәлелдей алды.

Сондықтан, Құлымбет Қанат Қайратұлы «8D05108 - Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші
Биология ғылымдарының докторы,
профессор



Мухитдинов Н.М.